# Қазақ университеті

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



№ 30 (1582)
6 қазан
2015 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады    www.kaznu.kz


## Мәртебелі марапат

***Жақында Флоренцияда өткен Инженерлік педагогика саласындағы халықаралық қоғамның («IGIP») 44-халықаралық конференциясында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғ. Мұтанов IGIP Senior Member атты жоғары дәрежелі марапатқа ие болды. IGIP президенті, профессор М. Ауер посткеңестік кеңістікте алғашқы болып осы атаққа ие болған ғалымға арнайы марапатты табыстай отырып, профессор Ғ.Мұтановтың жаһандық инженерлік білім беру мен педагогика саласындағы елеулі орны мен қажырлы еңбегін атап өтті.***

«IGIP Senior Member» құрметті атағы – өз ісінің хас шебері екендігінің көрсеткіші және әлемдік білім беру кеңістігінде кәсіби маман ретінде еркін қызмет жасауға мүмкіндік беретін инженерлік білім беру мен педагогика саласындағы жоғары лауазым.

Халықаралық «IGIP» ұйымы 1972 жылы құрылған болатын. Бүгінгі таңда мекеме инженерлік пәндерді оқыту мен әдістемесінің ғылыми дамуын басты назарға алған 130 елді біріктіріп отыр.

Осы ретте халықаралық бақылау комитетінің қолдауымен және «IGIP» президентінің шешімімен ҚазҰУ-да Орталық Азиядағы инженерлік педагогика саласындағы халықаралық қоғамның сертификатталған орталығы ашылғанын атап өту керек.

Қазақстандық «IGIP» тренинг орталығында біліктілік талаптарына сай (ING-PAED IGIP) оқытушылар дайындау жүзеге асырылады. «Инженерлік ЖОО халықаралық оқытушысы» атағын алған маман арнайы реестрге қосылып, сол арқылы Еуроодаққа мүше елдерде танылуға мүмкіндік алады.

**Өз тілшімізден**

## Ғылымдағы инновациялық үдеріс

Осы аптаның дүйсенбісінде өткен кезекті ректорат отырысына халықаралық рейтинг агенттіктеріндегі ҚазҰУ-дың ғылыми және инновациялық қызметін алға жылжыту тақырыбы арқау болды. Университетіміздің әлемдік білім кеңістігіндегі жетістіктері орасан зор. Бұл жөнінде ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Т.С. Рамазанов баяндама жасады.

*Жалғасы 3-бетте*

# ПОДГОТОВКА КАДРОВ ДЛЯ ГПИИР-2 ПО МЕЖДУНАРОДНЫМ СТАНДАРТАМ

***Казахстанская делегация ректоров вузов членов Консорциума по подготовке кадров для ГПИИР-2 приняла участие в работе Всемирного Форума инженерного образования во Флоренции (Италия) под девизом «Инженерное образование для устойчивого общества». Форум стал интеллектуальной площадкой для экспертного инженерного сообщества с более чем 130 стран мира.***




С 21-25 сентября 2015 г. во Флоренции состоялся Всемирный Форум инженерного образования, который объединил экспертное профессиональное сообщество со всего мира. Вектор развития глобального инженерного образования, поиск новых форм партнерства науки, образования и индустрии, качество инженерных образовательных программ, новые инструменты и технологии обучения и другие вопросы были обсуждены в рамках форума. Роль столь масштабного Форума является особо актуальной в свете тенденций глобализации мировой экономики и ускорения научно-технологического прогресса человечества, где современное инженерное образование становится базовой компонентой для устойчивого развития общества.

В работе WEEF 2015 приняли участие мировые инженерные сообщества: Международная федерация общества инженерного образования (IFEES), Европейская сеть по аккредитации в области инженерного образования (ENAEE), Американское общество инженерного образования (ASEE), Международное общество инженерной педагогики (IGIP), Совет по инженерному образованию Европы (EED), Европейское общество инженерного образования (SEFI), Глобальное общество инженерного образования (GEDC), Международный институт по развитию инженерного образования (IIDEA) и другие международные организации.

На форуме казахстанскую делегацию представляли руководители ведущих университетов Казахстана - членов Консорциума вузов по подготовке специалистов для ГПИИР-2 по шести ключевым базовым отраслям экономики. Целью участия представителей Консорциума являлось привлечение мирового инженерного сообщества к реализации образовательных программ для ГПИИР-2 по подготовке нового поколения кадров, ориентированного на диверсификацию экономики и развитие отечественного производства и инновационного сектора страны.

По итогам Форума подписаны институциональные соглашения между Консорциумом вузов Казахстана, международными инженерными сообществами IF-EES, ENAEE, IGIP и Казахстанским обществом инженерного образования (KazSEE) для обеспечения качества образовательных программ, высокого уровня квалификации ППС и сертификации выпускников.

Соглашение о сотрудничестве с ENAEE будет способствовать специализированной аккредитации инженерных и естественнонаучных образовательных программ с присвоением знака EUR-ACE с вхождением в общеевропейский регистр аккредитованных инженерных программ и возможности получения профессионального звания EUR ING для выпускников. В эти дни для казахстанской делегации представители ENAEE организовали семинар по вопросам качества аккредитации программ.

*Продолжение на 3 стр.*


**БҮГІНГІ САНДА:**

ДЕНЬ УЧИТЕЛЯ В КАЗНУ 2-стр.



ПОДТВЕРЖДАЯ ВЫСОКИЙ УРОВЕНЬ 3-стр.



СПОРТТЫ ҚОЛДАУ – БОЛАШАҚТЫ ҚОЛДАУ 6-бет



# День учителя в КазНУ

***В канун Дня учителя состоялась встреча директоров школ с руководством и преподавателями КазНУ им. аль-Фараби.***



День учителя является Всемирным праздником, который ежегодно отмечается в первую субботу октября более чем в ста странах мира. ООН в этот день предлагает родителям и всем гражданам на минуту задуматься о том, как изменил их жизнь хороший учитель, память о котором они сохранили. Данную традицию чтут и в самом престижном университете КазНУ им. аль-Фараби. В канун замечательного праздника – Дня учителя, ректор КазНУ академик Г. Мутанов торжественно чевствовал лучших учителей и руководителей школ г. Алматы, ветеранов педагогического труда.

В приветственном слове ректор КазНУ от имени многотысячного коллектива поздравил всех тех, кто посвятил свою жизнь обучению и воспитанию детей, с профессиональным праздником – Днем учителя. Он отметил, что профессия учителя требует особой выдержки и большого неустанного труда, чтобы вырастить достойное подрастающее поколение для Казахстана.

«Школы, колледжи и вузы должны составлять единую непрерывную цепочку подготовки кадров. В КазНУ успешно реализуется Концепция многоуровнего непрерывного образования «профильная школа-колледж-университет». Во-первых, это отбор и подготовка талантливой молодежи через комплекс мероприятий – организацию деятельности виртуальной академии школьников, издание научно-популярного журнала «Аль-Фараби» для школьников, проведение Республиканской олимпиады «Аль-Фараби» совместно с МОН РК и РНПЦ «Дарын». Во-вторых, довузовская подготовка в университете, включающая профильную школу, колледж и foundation-обучение. В-третьих, формирование компетенций и практически ориентированное обучение в рамках вузовских программ».

Как подчеркнул ректор КазНУ, в университете инициирован инновационный проект «AL-FARABI UNIVERSITY SMART CITY». «Мы



уверены, что реализация новой методологии взаимодействия высшей и средней школы и модели smart-университетов позволят нам реализовать задачу Президента по вхождению в 30-ку самых развитых стран мира», отметил ректор Г. Мутанов.

За всю свою историю КазНУ выпустил немало специалистов, входящих в научную, политическую, культурную и экономическую элиту Казахстана. В их числе числе и руководители учебных заведений страны – ректора вузов, директора колледжей, школ, лицеев и гимназий.

Одна из них - директор школы для одаренных детей №12 г. Алматы Р. Сакенова. В своем выступлении она подчеркнула, что очень гордится тем, что она была студенткой КазНУ и получила знания от самых лучших преподавателей, которые стали легендой и вошли в историю науки и образования страны. «Когда я переступаю порог своего родного университета, у меня создается впечатление, что я улетаю в космос. Я ощущаю невероятную ауру, и это, наверное, потому что здесь трудились самые великие личности нашего времени. И мне вдвойне приятно, что именно КазНУ, который является флагманом казахстанского образования, первый из всех вузов организовал такую яркую и незабываемую встречу с директорами и ветеранами школ, оказав нам честь быть услышанными. Ведь основа знания закладывается в школе, и если его нет, человек будет всегда делать ошибки. Поэтому мы должны вкладывать в своих учеников самое качественное и лучшее, чтобы они соответствовали своему времени и стали достойными гражданами нашей страны», - сказала Р. Сакенова.

Во время мероприятия ректор Г. Мутанов вручил лучшим учителям, директорам школ и ветеранам педагогического труда юбилейные медали «КазНУ им. аль-Фараби – 80 лет» за большой вклад в образование.

На торжественной встрече в КазНУ среди приглашенных чевствовали Героя Труда Казахстана, обладательницу ордена «Золотая звезда» Аягуль Миразову, государственного и общественного деятеля Ш. Беркимбаева и многих других известных личностей.

Как подчеркнула Ш. Беркимбаева, КазНУ сегодня занимает высокие позиции в мировом рейтинге – 275 место среди 800 лучших вузов мира и страна гордится этим. Это заслуга и труд всего коллектива и руководства университета. «В нашей стране учитель никогда не останется без работы, «у нас рождаются и растут дети, пока они есть, будут школы и будут учителя, а значит и будет работа. Мухтар Ауэзов тоже преподавал в стенах КазНУ и считал, что учитель - Великое имя. Поэтому имя учителя надо нести высоко и гордо».

Встреча завершилась интересной концертной программой, подготовленной учениками профильной школы КазНУ и студенческими коллективами художественной самодеятельности университета.



**Пресс-служба**

## ҚЫСҚА-НҰСҚА

**Жуырда жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті Қазақстан халықтарының тілдер күніне орай іс-шара өткізді. Мерейлі мерекені колледж және кәсіби мектеп студенттері ерекше атап өтті.**

Шара аясында «Тіл тұтастығы – ел тұтастығы» атты эссе ұйымдастырылып, белсенділік танытқандардың барлығына бірдей мақтау қағазы табысталды.

Кеш соңында «Бахыт» би ансамблінің бишілері мың бұрала би билесе, колледж түлектері әуелете ән шырқады.

**Kaznu.kz**

***

**7 қазан күні география және табиғатты пайдалану факультетінде халықаралық «Болашақ» стипендиясының Қазақстандағы бірінші тіл мектебінің ресми ашылу салтанаты өтеді.**

Мектеп Қазақ ұлттық университетінің базасында өз жұмысын бастайтын болады.

Аталмыш курс магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша стипендиаттарды даярлайды. Сондай-ақ мектеп жұмысы шет тілін меңгерудің «6+6» жаңа форматын ұсынады. Алғашқы 6 айда «Болашақ» стипендиянттары Қазақстанда білім алса, қалған 6 айын шетелде жалғастыратын болады.

Шара ҚР Білім және ғылым министрлігі мен халықаралық «Болашақ» стипендиясы қызметкерлерінің ұйымдастыруымен өтетін болады.

**Kaznu.kz**

***

**Физика-техникалық факультеті жылуфизика және техникалық физика кафедрасының ұйымдастыруымен 30 қазан күні жылуфизика және техникалық физика кафедрасының доценті, ұлағатты ұстаз Ж.Ө. Өмірбеков атындағы жыл сайынғы физика пәні бойынша Республикалық олимпиада және шахматтан турнир өткізіледі. Олимпиадаға ЖОО-лардың 1-курс студенттері мен 11 сынып оқушылары қатыса алады. Жарыста жақсы көрсеткіш көрсеткен жеңімпаз студенттер және оқушылар ақшалай және бағалы сыйлықтармен марапатталады.**

Аталмыш шара жасөспірімдер арасында қазіргі кезде өзекті мәселелердің шешімін табуға септігін тигізетін пәндердің бірі - физикаға қызығушылықтарын арттыруға, студенттер мен оқушыларды шахматқа баули отырып ойлау қабілетін арттыруға, аналитикалық шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыруға негіз болады.

**Физика-техникалық факультеті**

## Ректор КазНУ, академик Г. Мутанов был удостоен высокой награды «IGIP Senior Member»

# ПОДГОТОВКА КАДРОВ ДЛЯ ГПИИР-2 ПО МЕЖДУНАРОДНЫМ СТАНДАРТАМ

*Продолжение. Начало на 1 стр.*

Подписанный Меморандум с IGIP позволит осуществлять переподго-товку и повышение квалификации профессорско-преподавательского состава в области техники и технологии на базе сертифицированного тренингового центра IGIP КазНУ с присвоением специального звания “Международный преподаватель инженерного вуза” и включением в специальный реестр IGIP, которая предоставляет возможность обладателю претендовать на преподавательские позиции на уровне международного рынка труда.

Особо стоит отметить, что в рамках Форума было принято решение о создании Центрально-Азиатского хаба по обеспечению качества в инженерном образовании и Центра аккредитации образовательных программ на базе деятельности KazSEE с интеграцией в европейскую сеть аккредитационных агентств.

Также в рамках WEEF 2015 состоялась встреча представителей казахстанского Консорциума вузов с Президентом IFEES U. Cukierman и Генеральным секретарем ASEE H.J. Hoyer, где обсуждались тенденции развития глобального инженерного образования, качество инженерных образовательных программ и современные технологии инженерного обучения. Делегация приняла участие на еще одном важном мероприятии на Конференции ректоров итальянских вузов, которые проявили особую заинтересованность в сотрудничестве в области академической мобильности, двухдипломного образования, совместных научных исследований, повышения квалификаций специалистов и т.д.

Завершающим этапом поездки казахстанской делегации являлось посещение всемирной выставки ЭКСПО-2015 в Милане. Особый интерес Консорциума вызвал опыт участия образовательных организаций Италии в демонстрации своих инновационных научных разработок на ЭКСПО-2015. При этом достигнута договоренность с итальянскими коллегами о выработке концепций совместных проектов для будущей реализации в Казахстане с последующим представлением их результатов на ЭКСПО-2017 в Астане.



Председатель Консорциума вузов РК ректор КазНУ имени аль-Фараби Г. Мутанов отметил: «Важным результатом данной поездки является то, что мировое профессиональное сообщество инженеров выразило готовность участвовать в подготовке кадров для ГПИИР-2 через совместную организацию системы общественно-профессиональной аккредитации образовательных программ, повышения квалификации педагогических кадров и сертификацию выпускников в соответствии с международными стандартами. Несомненно, что реализация комплекса всех достигнутых соглашений и мероприятий станет основой реального механизма повышения конкурентоспособности университетов РК, участвующих в ГПИИР-2, и даст импульс активного развития качественного инженерного образования в Казахстане и генерации нового поколения специалистов для экономики, основанной на знаниях».

**ПРЕСС-СЛУЖБА**

# Подтверждая высокий уровень

***По итогам онлайн голосования Национального проекта “Ел тұлғасы”, организованного мультимедийным журналом Exclusive, в лидерах раздела «Наука» стал доктор химических наук, профессор и академик З.А. Мансуров.***



Национальный проект "Ел тұлғасы" проходил на сайте журнала Exlusive с июня по сентябрь 2015 года. В течение четырех месяцев у посетителей сайта была возможность проголосовать в таких номинациях, как: общественная деятельность, бизнес, искусство и культура, наука, спорт, новое имя и личность в истории Казахстана за понравившихся кандидатов. Ученый КазНУ им. аль-Фараби Мансуров Зулхаир Аймухаметович получил 5884 голоса и занял третье место в номинации «Наука».

З. Мансуров закончил КазГУ им. Кирова в 1968 году, доктор химических наук, является автором научных трудов в области механизма и кинетики, горения углеводородов и сажеобразования в процессах горения. Ученый прошел все ступени академической карьеры в КазНУ. В разное время работал проректором по научной работе, заведующим кафедрой и первым проректором в альма-матер. В данный момент Зулхаир Мансуров является главным редактором научных журналов «Горение и плазмохимия» и «Eurasian Chemico-Technological Journal», а также представляет Казахстан в Международной ассоциации поддержки ученых СНГ Европейским Союзом и занимает пост Члена Высшего научно-технического совета МОН РК.

Директор ТОО «Издательский дом «Эксклюзив» Еженова Карлыгаш, вручая награду ученому, отметила, что идея проекта "Ел тұлғасы" состояла в том, чтобы выбрать наиболее известных казахстанцев, имена которых сегодня ассоциируются с достижениями страны. «В каждой номинации были представлены десять участников, добившихся весомых успехов в своей сфере деятельности и ставших известными в Казахстане и за его пределами. И вот уже второй год Зулхаир Мансуров становится лидером голосования», – сказала она.

Сам ученый, получая награду, отметил, что данное достижение принадлежит не только ему, но и всем сотрудникам университета, а особенно ученым кафедры химической физики и материаловедения.

**Рустем АБРАЕВ**

РЕКТОРАТ

*Жалғасы. Басы 1-бетте*

# Ғылымдағы инновациялық үдеріс

Ол дәстүрлі ХҒТО, Темпус, НАТО, DAAD, Erasmus Mundus сынды көптеген халықаралық қорлар мен бағдарламалар халықаралық консорциум шеңберінде Токио университеті мен Қазақстанның ғылыми білім беру жүйесі арасындағы байланыс нано-спутник жасауда жүзеге асатындығын айтып өтті.

Сонымен қатар ақпаратты коммуникациялық технологиялар мен нанотехнологиялар, жаңартылатын энергетика мен қоршаған ортаны қорғау сынды т.б. көптеген салаларда интеграциялау шаралары жүзеге асатын болады.

Хабарламада сондай-ақ рейтингтік журналдарға шыққан мақалалар талқыланды. Оқытушы-профессорлар құрамының мақалалар саны 30-ға жеткен. Жаратылыстану бағыты бойынша 12 болса, әлеуметтік және гуманитарлық бағытта 18 мақаланы құраған. Қазіргі таңда 20-дан астам мақала ағылшын тіліне аударылған.

Халықаралық ғылыми және білім беру жобаларын жүзеге асыру динамикасы бойынша әлеуметтік және гуманитарлық мамандықтары 2012-2013 жылы екі есеге өссе, өткен жылы 2 пайызға түскен, ал жаратылыстану мамандығы бойынша 4 пайызға дейін жоғарылаған.

Экономиканың индустриялық-инновациялық дамуына сәйкес білім жүйесін жаңғырту әлемдік білім беру кеңістігіне бір табан жақын етері сөзсіз. Өйткені, университетіміз ғылыми-инновациялық үдерістерді жандандыруда, жаңа технологиялық құрылымдарды енгізуде халықаралық талапқа сай.

Өз кезегінде ғылым мен инновация статистикасының негізгі міндеттері-ғылым мен инновация индикаторларын қалыптастыру, оларды жүйелендіру бойынша жетілдіру, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына олардың әсері, ғылыми және инновациялық саланың жағдайын толық және кешенді ұсынуға ықпал ететін жаңа көрсеткіштерді енгізу мәселесі де назардан тыс қалмады.

Университет оқу үдерісін жетілдіруде қолға алып жатқан шаралар мен бағдарламалар өте көп. Әлемнің озық елдерінің университеттері қатарынан көрінген ҚазҰУ қашанда әлемдік стандарттық сапаға сай қызмет жасайды.

**Жұлдыз ӘБІЛ**

**Ұстаздар күні мерекесі қарсаңында мектеп директорлары ҚазҰУ басшылығымен, оқытушыларымен кездесті**

# Әлем тілдерінде құттықтады...



***Жақында ҚазҰУ-дың филология және әлем тілдері факультеті шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасында «English club» жетекшілері М.А. Жаңабекова мен К.К. Кенжекакованың ұйымдастыруымен «Айналаңды нұрландыр» жобасы аясында әлемнің түкпір-түкпірлерінде аталып өтілетін Халықаралық ұстаздар күніне орай «Сүйікті ұстаздар әлеміне саяхат» атты мерекелік кеш өтті.***

Кешке ағылшын тілін мамандық ретінде оқитын «Шетел филологиясы» және «Аударма ісі» мамандығының студенттері, сонымен қатар «Қазақ филологиясы» және «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандықтарының магистранттары қатысты. Кешке кафедраның ардагер ұстаздарымен қоса журналистика факультетінің де оқытушы қауымы шақырылды.

Кештің мақсаты – аяулы ұстаздарымыздың қоғамдағы рөлін білім алушыларға сезіндіру, олар туралы көрсетілім дайындау арқылы бойымызға білім мен тәрбие, ақыл мен парасат ұялатқан сол бір аяулы ұстаздар бейнесін үнемі естен шығармай жүруге бейімдеу, осынау мамандықтың ыстығына күйіп, суығына тоңып жүрген абзал жандарға деген алғыс-ризашылықтарын, ізгі ниеттерін, сезімдерін өздері үйреніп жүрген ағылшын тілінде жарыққа шығару.

Халықаралық ұстаздар күніне арналған іс-шара 3 кезеңді қамтыды. Алғашқы кезең «Менің сүйікті ұстазым» деп аталды. Бұл кезеңде әрбір студент өз ұстазы туралы ағылшын тілінде мәлімет дайындап, презентация көрсетті. Онда өз ұстазы туралы жеке ақпарат: суреті, аты-жөні, туған жылы, өмірдегі ұстанымы, кәсіби шеберліктері т.б. ақпараттар қамтылды.

Келесі кезең «Сыйынар ем Ұстаз деген тәңірге» деп аталды. Бұл кезеңде студенттер ұстаздар жайлы тамаша сөздер айтып, өлеңдер мен әндер орындаса, ал магистранттар алыс-жақын жерлердегі ұстаздарын ұялы телефон арқылы құттықтап, шәкірт парызын орындап жатты. Сонымен қатар олар ұстаздар туралы қанатты сөздер айтудан жарысты. Бауыржан Момышұлы «Ұстаз – ұлық емес, ұлы қызмет» деп айтқандай, ұлы қызмет иелерін топ студенттері өз тілектерін жолдау арқылы құттықтап, гүл шоқтарын тапсырып, ыстық ықыластарын «Ұстазым» әнімен жалғастырды.

Сол күні филология және әдебиеттану факультетінің Студенттер мәслихаты ұйымының мүшелері Балжан Тасболатқызы, Ақбота Садық және Асемай Сағилардың 1-курс студенттерімен бірігіп, «Гүл сыйлайық – ұстаздарға» деген лебізбен құрылған команданың факультетке ерте келіп, ұстаздарды жақсы көңіл күйімен қарсы алып, құттықтап, әрбір кафедраға арнайы кіріп, кафедра ұжымына өздері қолдан жасаған гүл шоқтары мен ашық хаттарын сыйлады. Мерекелік кешке арнайы бас бұрған Студенттер мәслихаты ұйымы мүшелерінің ұстаздарға арналған тілектері кештің ажарын аша түсті.

**М. ЖАҢАБЕКОВА,**
*шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының оқытушысы*

***28 қыркүйек – көркем сөз шеберлері М. Әуезов, Ш. Мұртаза, О. Бөкейдің туған күні. Қазақ оқырманы үшін бұл қаламгерлердің туындылары ондаған жылдар бойы рухани азық, әдебиетке жаны құмар жас талапкерлер үшін олардың туындылары үйрену мектебі болып келеді.***

# Парасатқа тағзым

Осы атаулы күнге орай ҚазҰУ-дың филология және әлем тілдері факультетіндегі «Көкжиек» клубы «Парасатқа тағзым» атты әдеби-сазды кеш өткізді. Кешті кіріспе сөзімен ашқан филология ғылымдарының кандидаты, әдебиетші-ғалым Ләйла Мұсалы рухани дәстүр сабақтастығындағы әдебиеттің рөлі жайында айтты. Үш қаламгердің шығармашылығы бойынша баяндамалар, викториналық сұрақтар жүргізіліп, электронды альбом көрсетілді.

Сондай-ақ студент қатарына енді ғана қабылданған жас таланттар сүйікті қаламгерлеріне арнаған жүрекжарды жырларын оқып, ойларын ортаға салды. Кешке қатысқан ҚазҰУ-дың шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының оқытушылары бұл кештің болашақ әдебиеттанушылар үшін маңызды екенін атап өтті.

**Д. ҚАРАҒОЙШИЕВА**

# «...Өз тіліңді құрметте!»

***Жуырда заң факультеті қылмыстық құқық, қылмыстық іс-жүргізу және криминалистика кафедрасында «...Өз тіліңді құрметте!» атты ашық тәлімгерлік сабағы өтті. Шараға факультет оқытушылары мен студенттері қатысты.***

Тіл – өлшеусіз қазына, өрісі кең әлем, асыл ойдың бұлағы, ұлттың жан дүниесі. Тілдің құдіреті – ерекше. Оның біттесті бітіретін, жетпесті жеткізетін, үзілгенді жалғайтын мүмкіндігі бар. Бір ауыз сөз опық жегізіп, өмір бойы өзегіңді өртесе, бір ауыз орынды айтылған сөз жадыңда жатталып, бақытқа жеткізеді. Сол себепті, тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Сондай-ақ, мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық салаларында қолданылатын тіл болғандықтан, жүргізілетін барлық іс-қағаздары мен құжаттар мемлекеттік тілде болуы тиіс. Өйткені, өркениетке құлаш ұратын елдің өрісі қашанда білікті де, саналы ұрпақпен кеңеймек. Әлемдегі мүйізі қарағайдай елдердің санатына енуді көздеген халықтың басты мақсаты да сауатты ұрпақ тәрбиелеу. Сауатты ұрпақ тәрбиелеу дегеніміз, өз ана тілінде еркін сөйлей алатын, оны терең меңгерген ұрпақ. Ендеше, еліміздің әр азаматы тіл тағдыры – ел тағдыры екенін ешуақытта ұмытпауы тиіс.

**С.Ш. ДАУБАСОВА,**
*қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының аға оқытушысы*

● *ОЙ-ТОЛҒАУ*

# ТІЛ МӘРТЕБЕСІ – ЕЛ МЕРЕЙІ

***Еліміз тәуелсіздік алып,еңсемізді тіктеп іргелі ел бола бастаған шағымызда дініміз бен,ділдіміз,тіліміз бен салт-дәстүріміз қайта жаңарудың даңғыл жолына түсті.Ата-заңымызда біздің жаһандану дәуіріне аяқ басуымыз үшін орындауға қажетті талаптар мен міндеттер тайға таңба басқандай жазылды.***

Біздің Ата Заңымызда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі — қазақ тілі» деп жазылған. Біз Конституция талаптарын әрқашан есте ұстап, мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтергенде еліміздің әлемдік аренада өзінің орнын ойып алар дәрежеге жетері сөзсіз. Сонымен қатар өзге ұлттардың қазақ тілін меңгеруіне ықпал жасап, қызығушылығын да тудырмақ.

Тіл – жансыз қару тәрізді, қазақтың сол замандағы Төле, Қазыбек, Әйтеке билері мен шешен де сөзге ұста хандарымыз небір даулардың бітімін тауып, төрелігін айтқаны біздің жадымызда. Бұл да болсын өз тіліміздің мәртебесін көрсетіп тұрғаны белгілі. Қазақ тілінің ауқымы мен сөздік қоры кең, мағынасы терең.

Тіл – ұлт пен ұлтты жақындастыратын өзгеше қатынас құралы. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Тілге деген көзқарас, шындап келгенде, елге деген көзқарас екені даусыз. Сондықтан, оған бей-жай қарамаймыз. Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәнінде мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, елімізді Қазақ мемлекеті деп атайтын боламыз», – деген болатын. Мемлекеттік тіл тәуелсіздігіміздің жырын жырлап, бұғанасын қатайтты. «Тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады», – деп Ахмет Байтұрсынов айтқан екен. Бұл сөздер үлкен ауқымды философиялық мәнге ие. Қарап тұрсаңыз, әр ұлттың сөйлеген тілінен оның ойлау деңгейін, мәдениетін аңғаруға болады. Егер өз тілің болмаса, өзге тіл арқылы өз болмысыңды аша алмайсың.

«Адамның адамдық, ұлттың ұлттық ең жоғарғы қасиеті – тіл өткірлігі мойымасын, тіл сұлулығы кемімесін!» – деп Ғабиден Мұстафин тілдің мәртебесін осылай асырған екен. Тілге қатысты өзекті мәселелер тікелей сол ұлтқа да төнген қауіп болып табылады. Тілдің мәртебесін асыратын да, берекесін қашыратын да – өзіміз. Еліміздің өркениеттілігін, тіл тазалығын, рухани күштілігін жоғалтқысы келмейтін тұлға – елін, жерін сүйетін нағыз патриот. Тіл тазалығын сақтау – үлкен мәдениеттіліктің белгісі. Оны сақтауды отбасынан бастау керек деп ойлаймын.

Елбасымыз айтқандай, «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде». Ендеше, тілімізді, ұлтымызды отбасымызды қадірлегендей қадірлейік! Қазақ тілінің мәртебесі – еліміздің мәртебесі.

**Ұлтай МУТАЛИП,**
*философия және саясаттану факультетінің 2-курс студенті*

**7 октября в КазНУ состоится официальное открытие первой языковой школы международной стипендии «Болашақ» в Казахстане**

# Тоғым хан

***Тоғым хан – Жәнібек ханның тоғызыншы ұлы – Жәдік сұлтанның ұлы. Деректер Тоғым ханның ұлдары «тоғыз сары» деп атайтын деп жазады. «Мәлік ұлы Башибек сұлтанмен, тоғыз сары ұлдарымен (Тоғым ханның – Б. К.) Жағат уалаяты маңында шахид болды. Отыз жеті сұлтан мәлім-мәшһүр еді», – деп баяндайды Қадырғали Қосымұлы. Өкінішке орай, аталған деректе Тоғым ханның 37 сұлтанмен бірге қаза болған ұрысының датасы, кіммен ұрысы, жеңімпаздың есімі айтылмайды.***



Сол себепті де бұл мәлімет әлі күнге дейін зерттеушілер арасында талас тудырып отыр. Олардың пікірінше, Жағат – шағатай сөзінің қысқартылған түрі, жағат – белгілі бір жердің атауы; жағат – сібірдегі көшпелі халықтың аты. Сондай-ақ, Тоғым ханның кіммен шайқасқандығы және оның қашан болғандығы жөнінде де әр түрлі пікірлер бар. Көпшілік ойлар негізінен, шайқасты 1537 жылы қазақ-моғол қатынасында, Тоғым хан мен Рашид хан арасында болған деп болжайды. 5 томдық Қазақстан тарихының II томында бұл жөнінде: «... бұл шайқас, қазақтар жеңіліс тапқан Тоғым ханның ұрыстарының бірі, бірақ ол 1537 жылғы қазақ-моғол қатынасына қатысы жоқ», – деп түсіндіріледі.

Біздің ойымызша, Тоғым хан қаза тапқан Жағат уалаяты – Амудариының төменгі ағысы бойындағы осы аттас қамал және қамал төңірегіндегі өңірлер. Мұнда XVI ғасыр басында шайбанилық әулеттің бір тармағының өкілдері билік басына келеді. XVII ғасырдағы Әбілғазы хан осы әулеттің көрнекті өкілдерінің бірі.

XVI ғасырдың 20-30 жылдары да Қазақ хандығының Сырдың орта және төменгі ағысы бойындағы қалалар мен өңірлер үшін күресі тоқтамаған. Сондай күрестің бірінде Тоғым хан Хорезм жақтағы Жағат уалаятында 37 қазақ сұлтанымен бірге қаза табады.

Қазақ хандығы үшін XVI ғасырдың 20-30 жылдары «уақытша әлсіреу» кезеңі болып саналады. Бұл кезеңнің тағы бір белгісіне саяси бытыраңқылық жатса керек. Өйткені осы тұста Қазақ хандығында бірнеше хан бір мезгілде, бірнеше аймақта билік етеді. Оңтүстік-Шығыс бөлікте, алдымен Тахир, одан кейін Бұйдаш хандар билікте болып, негізінен моғолдармен, қалмақтармен қарым-қатынаста болса, батыс бөлікте – Ахмет хан ноғай тайпаларымен күрес жүргізеді. Ал оңтүстік бөлікте Тоғым хан билеуші болып, негізінен Мәуреннахрдағы және Хорезмдегі шайбанилар әулеттерімен қатынастар жасайды.

«Уақытша әлсіреу» кезеңіндегі саяси бытыраңқылықта бір мезгілде Қазақстанның үш өңірінде үш билеуші билік етеді. Бұл XVII ғасырдағы үш жүздің пайда болуына алғышарттар әзірлейді.

# Хақназар хан



***Хақназар хан (орыс деректерінде Ақназар хан делінеді) – 1538-1580 жылдары хандық билікте болады. Қазақ тарихында Хақназар хан «қазақ халқын, қазақ жерлерін біріктіруші» деген баға алған тұлға. Ол атақты Қасым ханның Ханық сұлтан ханымнан туған кіші ұлы. 1522/23 жылы Мамаш хан өлтірілгеннен кейін Хақназар ханның өмірі ноғай мырзаларының жұртында өтеді. Кезінде Қасым хан Қазақстанның батыс бөлігіндегі ноғайларды Қазақ хандығының құрамына қосқан кезде, ноғай мырзаларынан қыз алу және оларға қыз беру арқылы ноғай билеушілерін өзіне жақындатқан болатын.***

Сондай саясатпен Қасым ханның бір қызы ноғай мырзаларына ұзатылған-ды. Мамаш ханның өлімінен кейін Хақназар ноғайлар арасында тәрбиеленеді. XVI ғасырдың 30-шы жылдары Хақназар Ноғай Ордасына тәуелді башқұрттарға хан болады. Ал 1538 жылдан бастап ноғай мырзаларының қолдауымен Хақназар хан қазақ тағын иеленеді.

Оның алғашқы күрестерінің бірі Жетісу өңірінде үстемдік орнатуға бағытталған моғол билеушілерінің жорықтарына қарсы жүргізіледі. Бірнеше рет моғолдарға тойтарыс беріледі.

Хақназар ханның билік құрған жылдары Қазақ хандығының батысындағы Ноғай Ордасы мен оңтүстігіндегі Мауереннахрда шибанилар әулеті арасында билік үшін қызу тартыстар өтеді. Ноғай мырзалары – ағайынды Исмайыл мен Жүсіп арасындағы күрес барысында соңғысы өлтіріледі. Ноғай ру-тайпаларының бір бөлігі батысқа, Қырымға қарай қоныс аударса, ал екінші бір бөлігі Қазақ хандығының құрамына енеді. 1557 жылы Ноғай биі Исмайыл орыс патшасы IV Иванға жазған бір хатында: «Менің туыстарым қазір Жайықтың арғы жағында отыр, бізден қалып қойып, қазақ патшасына қосылып кетті», – деп арызданады. Ал 1569 жылғы бір деректе қазақ ханы Хақназардың, қазақ сұлтандары Шығайдың, Жалымның және тағы да жиырма сұлтанның ноғайлармен ұрысқа түсіп, шайқасқаны жөнінде айтылады. Осы шайқастардан соң Қазақ хандығының шекарасы батыста Еділ мен Жайыққа дейін кеңейеді. Ондағы көптеген ру-тайпалар қазақ халқының құрамына қосылып кетеді. Ауыз әдебиетінің материалдарында Хақназар хан «қазақ пен ноғайдың ханы» деп аталады.

XVI ғасырдың 50-ші жылдарында Орыс мемлекеті Қазан, Астрахан хандықтарын бағындырып, тікелей Қазақ хандығымен шекараласады. Мәскеудің Орта Азиямен экономикалық байланыстары Қазақ хандығы арқылы өтетін болғандықтан және Сібір ханы Көшімге қарсы саяси одақ құру үшін орыс елшіліктері Хақназар ханға жіберіле бастайды.

Хақназар ханның келесі бір жемісті жүргізген саясаты – оңтүстік бағытта жүрді. XVI ғасырдың екінші жартысында Қазақ хандығының оңтүстіктегі көршісі – Мауереннахрда Бұхар билеушісі Абдаллах хан мен Ташкент билеушісі Баба сұлтан арасында күрес күшейеді. Хақназар хан екі шибанилық билеуші арасындағы күресте оларды алма-кезек қолдап, Қазақ хандығының Сыр бойындағы позициясын нығайтады. Ташкент билеушісінің ықпалын әлсірету үшін Абдаллахпен «анттасу шарты» арқылы одақтасады. Сол арқылы Сырдың орта ағысы бойындағы бірнеше қаланы шибанилықтардан қайтарып алады. Абдаллахтың тым күшеюіне жол бермеу үшін бір кезде Баба сұлтанға да қолдау көрсетеді. Сөйтіп Түркістан аймағының бірнеше қаласын сыйға алады. Осылайша, Хақназар хан ешбір соғыссыз Сырдың орта ағысы бойындағы қалалар мен өңірлерді Қазақ хандығының құрамына қосып алады. Хақназар хан 1580 жылы Баба сұлтанның астыртын жіберген адамдарының қолынан қаза табады. Денесі Созақ қаласында жерленеді.

Хақназар ханның есімдері белгісіз екі ұлы 1579 жылы Баба сұлтанның қолынан қаза тапқан. Дінмұхаммед (Тыным), Мұңғатай және Мұхаммедияр есімді тағы ұлдарының болғаны белгілі. Бірақ олардың ешқайсысы және ұрпақтары хан тағын иеленген жоқ. Жалпы алғанда, қазақ халқының тарихи жадында Хақназар хан үш жүздің басын біріктіруші тұлға ретінде сақталынып қалды.

**Берекет КӘРІБАЕВ,**
*профессор*

*(Басы өткен сандарда. Жалғасы бар)*

## ҚазҰУ колледжі мен бейіндік мектебінде Тілдер фестивалі аясында мерекелік шара өтті

# «Қайда сол, КазГУ-городок...»

***Жуырда ҚазҰУ-да тұңғыш бард ақын, әнші, композитор Табылды Досымовтың 50 жасқа толуына арналған еске алу кеші өтті. Университеттің тау тұлғалы түлегіне арнап ұйымдастырылған кеш «Қайда сол, КазГУ-городок...» деп аталды.***



Ақынның аруағына деген құрметпен мерейтойлық кеш бір минуттық үнсіздікпен басталып, жылы лебізге толы естеліктермен жалғасты. Еске алу кеші өткен химия факультетінің үлкен залына жиналған көпшілік ақынның жүрек қылын тербейтін әуезді жырлары мен көз көрген замандастарының естеліктерін тыңдап, бір марқайып қалды. Кешке ақынның артында қалған тұяғы, ұлы Абыл Досымов пен курстас досы, журналист Серік Жанболат, Т. Досымов атындағы қоғамдық қордың жетекшісі Бижан Қалмағамбетов қатысты. Қонақтар арасында әншінің ұстазы Жұмат Тілепов те болды.

«Егер Табылды досым тірі болғанда осындай кештің куәгері болып, сөз сөйлесе, үлкен толқыныста болар еді. Себебі: «Кетем бе, кейде, бала боп, Жүрсем де алыс, шалғайда. Қайда сол КазГУ-городок, Алматы қайда, ел қайда?!» деп жырға қосқандай, бүкіл жан дүниесі ашылған жері, біраз өлеңдерінің тұсауы кесілген жері де осы – ҚазҰУ, біздің кезіміздегі КазГУ-городок. Қазір Табылдың ізін жалғап жүрген жастар барда оның әндерінің ұмытылмайтынына сенеміз», – деді курстас досы, журналист Серік Жанболат.

Табылды Досымов атындағы қоғамдық қордың жетекшісі Бижан Қалмағанбетов: «Ақынның жанартауы жарылған жер – Алматы қаласында, қара шаңырақ Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да университет басшылығының қолдауымен Студенттер сарайында республикалық деңгейде еске алу кешін қараша айында ұйымдастырмақ ниеттеміз”, – деп қордың алдағы жоспарымен бөлісті.

Кеште ақынның әндерін бүгінгі заманға сай орындап жүрген ҚазҰУ жастары көрермендерді сонау 90 жылдарға, Табылдының әндері дүрілдеп тұрған кезеңге қайта оралтқандай әсер қалдырды. Соңында айтулы іс-шараны ұйымдастырған университет жанынан құрылған “Көкжиек” әдеби-шығармашылық клубы және де бард ақынның жолын жалғап жүрген бір топ талантты жастар алғыс хаттармен марапатталды.

Еске сала кетейік,осы жылдың шілде айында бард жанрының патшасы көзі тірі болғанда 50 жасқа толар еді. Ақынның 45 жылдық қысқа ғұмырында жазған өлеңдері үш буынға жіктелген-ді. Студенттік шағындағы махаббатқа толы лирикалық әуендері, 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына куәгер болған патриоттық жырлары және өмірдің мәңгілік еместігін тағы бір еске салатын өміршең өлеңдері. Иә, Табылды Досымов есімі қимас әндері мен сырлы саздары, мағыналы жырлары мен көркем төгіліп түскен өлеңдері арқылы жүректерге мәңгілік із қалдыра білді.

Ақын Табылды өзінің өлең жолында:

«Тірлікті мынау, жаным-ай, мәңгілік деме,

Ұйықтап кетсем бір күні, оянбай қалам!» – деп жырлаған еді. Ажалдың осылай келерін сезді ме, сездірді ме кім білсін, 2010 жылдың 16 қазанында мәңгілік ұйқыдан оянбады.

Ол – қазақ жырының аспанында қалқып жүрген жарық жұлдыз. Ол жұлдыз артында қалған жалынды жырларымен мәңгі жарқырайды. Өшпейді. Сөнбейді!

**Айбану ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ,**
*Студенттік баспасөз орталығы*

СТУДЕНТКЕ АНЫҚТАМА

# Спортты қолдау – болашақты қолдау



***Инновациялық дамудың көшбасшысы болған ҚазҰУ – еліміздің бірегей оқу орны. Жыл сайын талапкерлердің басым көпшілігі сапалы білім мен қызыққа толы студенттік өмірді ҚазҰУ қалашығымен бірге бастайды. Университет табалдырығын биыл аттаған студенттерімізге арнап қалашықтағы ҚазҰУ-дың Спорт кешені жайында мәлімет бермекпіз.***

Университеттің Спорттық сауықтыру кешені қажетті құрал-жабдықтармен толық жабдықталған. Заман талабына сай салынған кешенде «Саламатты дене мәдениеті» жобасы аясында альпинизм, баскетбол, бадминтон, айкикаратэ, бокс, үлкен теннис, воллейбол, дзюдо, қазақ күресі, каратэ-до, кикбоксинг, жеңіл атлатика, үстел теннисі, мини-футбол, футбол, регби, самбо, тоғызқұмалақ, шахмат, ци-гун секілді тағы да көптеген спорт түрлері студенттерге қызмет көрсетеді.

Сондай-ақ мұнда гандбол, волейбол, баскетбол, күрес және көркем гимнастика мен аэробика секциясына арналған залдар қарастырылған. Спорт кешенінде сонымен қатар күрес, бокс, жаттығу залдары да бар. Мұнымен қоса жергілікті тұрғындар үшін волейбол, баскетбол, үлкен теннис, минифутбол сияқты спорт түрлерімен айналысуына барынша жағдай жасалынған. Олардың әкімшілік бекіткен кесте бойынша спорт кешеніне келіп, спорттың жоғарыда аталған түрлерімен айналысуға мүмкіндіктері бар.

Өскелең ұрпақтың дені сау, заман талабына сай қабілетті болып өсуіне мемлекет тарапынан барлық мүмкіндіктер жасалуда. Бүгінде Елбасы саясатының нәтижесінде елімізде осындай әлеуметтік нысандардың көптеп бой көтеруі – соның бір дәлелі. Елбасы Жолдауында еліміздегі спортпен шұғылданушылардың көрсеткішін 30 пайызға дейін арттыруды тапсырды. Ал бұл салауатты қоғамды қалыптастырудың үлкен қадамы болып табылады.

ҚазҰУ сапалы білім берумен қатар, қалашық тұрғындарына салауатты өмір салтын ұстауды міндеттейді. Таяуда ғана академик Ғалым Мұтанов кезекті ректорат жиынында оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттер қауымына ерте тұрып, спорт кешеніне шынығып, шымыр болуды әдетке айналдыру керектігін айтқан еді.

ҚазҰУ-дың спорт кешенінде үздіксіз жаттығатын спортшы студенттеріміз бүгінде үлкен жетістіктерге жетіп, халықаралық деңгейде ел абыройын асқақтатып жүр. Жас буынның жетістігі – 



жаттықтырушы аға буын еңбегінің жемісі. Жас спортшыларымыздың алдағы уақытта да дүбірлі додаларда намысты қолдан бермей, көк байрағымыздың биіктен желбіреуіне өзіндік үлес қосатынына сеніміміз мол. Ал, біз баршаңызды салауатты өмір салтын ұстануға, спорт кешеніне шынығуға шақырамыз!

**Жұлдыз ӘБІЛ**

**7 октября в КазНУ состоится заседание РУМС на тему «Модернизация образовательных программ для повышения конкурентоспособности специалистов»**



*Алпамыс Бауыржанұлы ФАЙЗОЛЛА 1995 жылы 6 наурызда Орал қаласында дүниеге келген. 2014-2015 жылдары «Шырайлым-Шұбайқызылым», «ҚазҰУ – Қазақстан элитасының шеберханасы», «Таупық Рымжанов атындағы байқау», «Жауқазын», «Аңсар-2014», «Менің досым», «Біз жанбасақ лапылдап...», «Өлмес өлең» секілді көптеген республикалық әдеби байқаулардың жеңімпаз-жүлдегері болған. «Жауқазын жылда гүлдейді», «Ақ желкеннің ұландары», «Таупық тағылымы», «Өлмес өлең» сияқты жастар жинақтарына өлеңдері енген. Алпамыс – Әзілхан Нұршайықов және Қайыржан Бекхожин атындағы шәкіртақының иегері. Ол – қазір журналистика факультетінің 4-курс студенті.*

**ОРАЛДА**

Құтырынған құйын да, буырқанған боран да,
Білесіз бе, ағайын, бәрі өзгеше Оралда.

Мұнда өзгеше ақ таңның арайланып атқаны,
Мұнда өзгеше күннің де бұлттарды өртеп батқаны.

Мұнда өзгеше ұқсаңыз, әнші құстың әні де,
Мұнда өзгеше тәттірек жемісінің дәмі де.

Ән салсаңыз далада мұнда өзгеше шалқиды,
Мүлде өзгеше Оралдың боз жусаны аңқиды.

Мүлде өзгеше бұл жерде жас шыбықтың өскені,
Алабөтен әдемі бұлттарының көшкені.

Болмаса да таласар зеңгір көкпен асқары,
Мүлде өзгеше әдемі бұл өңірдің аспаны.

Қоңыр салқын құбыладан жел келеді өзгеше,
Сол желменен ақселеу тербеледі өзгеше.

Ай да өзгеше нұрлырақ қара мақпал түндерде,
Құлпырады өзгеше жұпар шашып гүлдер де.

Мұнда күміс бұлақтың сыңғыры да өзгеше,
Бұл мекеннің шұрайлы жыңғылы да өзгеше.

Бозторғайдың жағымды шырылы да өзгеше,
Тіл үйіред қайыңның шырыны да өзгеше.

Ауасынан кеудеңде жыр қалады өзгеше,
Дауыл тұрса, тоғайы ырғалады өзгеше.

Ұқсамайды еш жерге мұнда жаңбыр жауғаны,
Бір тамаша күй кернеп тұрады әр ауланы.

Құлағымнан кетпейді сол бір ғажап күй тынбай,
Тіпті, бар ғой... өзгеше құмырсқасы құйтымдай!

Текеметі – көк шалғын, алашасы – гүл жердің.
Сақылдаған аязы ыстық маған бұл жердің!

Ақ Жайықтың өзгеше ерке сылқым толқыны,
Оралда – еш жерде жоқ ғажайыптың мол түрі.

Жанға жайлы, ақ самал, жас кеудемді өбесің,
Мұның бәрін сағынып келген кезде көресің.

**КҮН**

Жер бетінде тым қатқыл күй артып,
Табиғат та қапалы.
Адам еткен күнәлі істер ұялтып,
Күн қызарып батады.

Ізгілікті бәрінен де сүй артық,
Сонда қасың ығады.
Адам еткен күнәлі істер ұялтып,
Күн қызарып шығады.

Қомағайлар қу күлкынын тыя алмас,
Кейі әлемді тінтіпті.
Әттеген-ай, адамдар бар ұялмас,
Ұялғанда күн тіпті.

**ШЫҢ**

Ұлыңа,
Қайрат бер, тау, салып алсын қынына.
Сырласқым кеп биіктегі бұлттармен,
Шықтым бір күн Алатаудың шыңына.

Ақ сүттің,
Түсіндей шың көк аспанға шапшып тұр.
Ғашығымдай сұлу екен табиғат,
Аузын шешті шабыт дейтін қапшықтың.

Тақымым –
Берік, өлең тұлпарда ер-тоқымым.
Алатаудың биігінде сол күні,
Бұлттар куә – армансыз жыр оқыдым.

...Нөпірдің,
Ішінде тек мен жыр-кесте тоқырмын.
Алатаудың шыңында емес күні ертең,
Поэзияның шыңында өлең оқырмын!..

**СҮЙІНШІ**

Ақынның үшін Алладан тілеп, сыйыншы,
Құлақ сал, халқым, сұраймын сенен сүйінші:

Ағарып атқан таңменен келген арайды,
Қарсы алғын, елім, қайтадан туған Абайды.

Жалғыздық дейтін жебірге басын идірме,
Екінші Абайды өтінем, қазақ, күйдірме.

Шыңдарға биік нұсқаған жолмен барғайсың,
Қайтадан туған Абайдың тілін алғайсың.

Білесің, елім, даналар жиі келмейді,
Пайдалан ойын, Абайлар туа бермейді.

**АҚМАРҚА**

Ырысын
Аямайды еркесінің үні үшін.
Жаз күнінде ойнап, шоршып ақмарқа,
Бұзады екен айдын көлдің тынышын.

Ай-күнім,
Сезім жеңер ақылдың да айбынын.
...Ақмарқа-қыз сені көріп дір етті,
Тыныш жатқан сезім атты айдыным.

Өлеңді,
Төгейін мен жүрек күйге бөленді.
Ақмарқа-қыз абайлағын, абайла,
Сезімімді ау қыламын мен енді!..

**СЕНІ КӨРСЕМ**

Армандаған аруым, теңім де – сен,
Мен бақытты боламын сеніп ерсең.
Ілікпейтін қаттылау табиғатым,
Жібіп сала береді сені көрсем.
Махаббатсыз айтылар қай бір әнім?!
Қанжар болсам, кетіліп майыламын.
Әбжыланға арбалған торғайдай боп,
Сені көрсем еркімнен айрыламын.

Көрініп жүр құлпырып осы мекен,
Ғашық жанның бәрін де досым етем.
Өзімді-өзім билеуден қалып барам,
Шын махаббат дегені осы ма екен?!

Соқпағында сезімнің төзе алдың ба,
Мендік күйді білмейміn сезе алдың ба?
Көз іле алмай түндерде дөңбекшимін –
Сенің бейнең тұрады көз алдымда.

Қосағымды іздеп мен жүрген едім,
Күтсең егер түбінде бір келемін.
Сені көрсем, нарттай боп қызарам да,
Айтуға сөз таба алмай күрмелемін.

Сен жайлы ойлар санама бермей тыным,
Сезімімді қинайды көрмейтінің.
Ынжықтыққа сен мұны балай көрме,
Ғашықтық қой ырқыма көнбейтұғын...

**БАЙҒЫЗ ҮНІ**

Түн. Алматы.
Шығарып сап келе жатам мен сені,
Байғыз үні естіледі алыста.
Албырт сезім көтереді еңсені,
Құдіретімен әкетердей ғарышқа.

...Түн. Алматы.
Байғыз үні естіледі жырақта,
Еске салып сол бір ғажап кездерді.
Содан бері көп жыл өткен бірақ та,
Өзгерді уақыт, арманым да өзгерді.

**ӨЗ ТІЛІНДЕ**

Өз тілінде баға жетпес сыйың бар,
Әттең, оны мәңгүрт адам ойлар ма?!
Өз тілінде мөңірейді сиырлар,
Өз тілінде маңырайды қойлар да.

Өзге тілді білген дұрыс десек те,
Өз тілінде өз халқының ғұрпы бар.
Өз тілінде ақырады есектер,
Өз тілінде кісінейді жылқылар.

Талаптыға ойыншық боп көрінер,
Жолындағы кедергілер, бөгеттер.
Өз тілінде ырылдайды бөрілер,
Өз тілінде абалайды төбеттер.

Өз тілінде сөйлегенді кім бұлдар?!
Саналы адам ондай іске арланар.
Өз тілінде сайрайды әркез бұлбұлдар,
Өз тілінде қарқылдайды қарғалар.

Өз тілінді байлығым деп есепте,
Айың да – сол, жұлдызың да, күнің де.
Біз оларды қанша ақылсыз десек те,
Бар жануар сөйлейді өз тілінде.
Қазынаңды қадірлесең жаман ба?!

Бұл тақырып болды екен неге дау?
Өз тілінде сөйлемейтін адамға,
Хайуандардан үлгі алу керек-ау!..

**ЕҢ ҚЫМБАТ ҚАЗЫНА**

Сауық-сайран, сән-салтанат айналам,
Ал мен үнсіз өмір жайын ойға алам.
Айрылсаң еш қайтара алмайтын,
Ең бағалы нәрсе не деп ойланам.

Ақын үшін бұл бір жағдай қалыпты,
Заман қашан бір қалыпта қалыпты?!
Айрылсаң, қайтаруға болады,
Байлық, мансап, шен-шекпен мен даңқты.

Көкейіме сұрақ құсы қонады,
«Неге?» деген сан сұрақтар толады.
Денсаулықтан айырылған жаман ғой,
Бірақ, бірақ емделуге болады.

Сынбаған жөн сәтсіздікке бір күндік,
Соған бола аттай тулап, сілкіндік...
Ештеңе етпес, мүмкіндіктен айрылсаң,
Болады әлі алда талай мүмкіндік.

Қараулыққа мүлде аттап баспаған,
Жан шуағын сезінесің басқадан.
Оқасы жоқ махаббаттан айрылсаң,
Көп ұзамай ғашық қылар басқа адам.

Келмесем де ақыл айтар жасқа мен,
Жөн сілтеймін өзім сынды жасқа мен.
Оқасы жоқ айрылсаң досыңнан,
Дос болуға болады ғой басқамен.

Қазынаны табу керек қалай да,
Қымбатыңды білмей жүрсең, жарай ма?!
Саған қайта оралмайды ешқашан,
Уақытыңнан айрылсаң алайда!..

**ҚАЗАҒЫМА**

Иманды ел мұратқа жетеді анық,
Жаратқанның сынынан өтеді анық.
Алла заңын тәрк еткен азғын қауым,
Жер бетінен жойылып кетеді анық.

Құндылықсыз рухани азады адам,
Бойға сіңсе, жақсылық озады адам.
Нұхқа (а.с.) ермеген имансыз адамдарды,
Топан сумен Жаратқан жазалаған.

Тура жолға түспей жүр бауыр неден?
Данышпандар болды екен жауыр неден?
Худқа (а.с.) ермеген қауымды жаратушы,
Жоқ қылыпты алапат дауылменен.

Не кедергі адамға ойлауына?
Терең ойға шомуы, бойлауына?
Самуд елі Салихқа (а.с.) құлақ аспай,
Қара жердің кетіпті қойнауына.

Сол бір апат шығар ма ел есінен?!
Жаза алған күн Жаратқан егесінен.
Алла жойған имансыз Лұт (а.с.) қауымын,
Оттан жауын жаудырып төбесінен.

Пайғамбарлар халқы үшін өкініпті,
Тура жолға үндеуге бекініпті.
Шұғайбқа (а.с.) ермеген елді Алла,
Зілзаламен құрдымға кетіріпті.

Қожайын ғой аспанға, жерге Алла,
Күнге, айға, жасынға, желге Алла.
Ашаршылық апатын жіберіпті,
Ілиясқа (а.с.) ермеген елге Алла.

Иманды ел мұратқа жетеді анық,
Жаратқанның сынынан өтеді анық.
Алла заңын тәрк еткен азғын қауым,
Жер бетінен жойылып кетеді анық.

Одан әрі көгеріп, көктеу үшін,
Ешбір зиян ұрпағың шекпеу үшін.
Азғындықтан, қазағым, аулақ болшы,
Жер бетінен жойылып кетпеу үшін!..



Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ (фото)

**Университетте «Сұңқар» кубогына арналған факультетаралық КВН чемпионаты ойындарына іріктеу өтуде**

ЕҢБЕК АДАМЫ

# Кәсібіне сүйіспеншілікпен қараған...



***Қасиетті қара шыңырақ ҚазҰУ-да отыз жылдан бері кітапхана саласында талмай қызмет атқарып келе жатқан Айзада Мәлікқызы Әлімқұлованың еңбек жолы көптеген жасқа үлкен үлгі боларлықтай. Енді ғана осы салада қызметке кірісken жас мамандардың бірсыпырасына қамқоршы, ақылшы, тәлімгер атанған, студент жастарға кітап әлеміне жол нұсқаушы секілді рухани адамгершілік үлгісіне айналған еңбекқор жанның қызмет жолы мақтауға тұрарлық.***

Орта Азиядағы ЖОО кітапханалары ішіндегі ең ірісі – ҚазҰУ-дың Әл-Фараби кітапханасында шамамен 2 миллионан аса қор бар. Осындай білімнің құнды қазынасы құнтталған қасиетті ордада ұзақ жылдар бойы Айзада Әлімқұлова студенттермен етене жұмыс істейді. Бірнеше жыл гуманитарлық бағыттағы кітаптар жүйесінде басшылық жасаған кейіпкеріміз соңғы жылдары қызметін өзінің жолын қуып келе жатқан ізбасарларына табыстаған.

Қазір ұжымға жаңа толқын жастар келіп жатқандықтан, көпшілігіне Айзада ханым жанашыр ұстаздай ақылшы. Ол жас қызметкерлердің, әсіресе, жаңа қонысқа көшу кезінде қорды реттеу жұмыстарына белсене кірісіп, ауызбіршілікпен еңбек еткендерін мақтанышпен айтып, жас буын кітапханашылардың парасаттылығын ерекше атап өтті.

Кітапхана саласының салмақты да сабырлы жаны әңгіме барысында: «Студенттермен және ұжыммен, ең бастысы, кітаппен жұмыс жасау – өте қызықты. Барлық студенттер өзіміздің баламыз секілді. Бұл кәсіп – менің жаныма өте жақын. Жаңа бөлімдер ашылып, жас толқын жастармен қызмет жасап жатырмыз. Компьютермен, ғаламтормен жүйелі жұмыс жасайтын жас мамандар бар. Мен сол үшін қуаныштымын. Кітапхана басшысының тапсырмасымен көне қорлар компьютерге енгізіліп, кітапхананың ғаламторлық базасына жүктелуде. Қормен жұмыс жасау үлкен деңгейде жүріп жатыр. Студенттердің білімге деген үлкен қызығушылығын олардың кітапханаға келіп бізге жасаған сұранысынан, сөйлеу мәдениетінен байқауға болады. Олардың сұраныс талаптары жоғары. Сол талаптан шығуға тырысамыз. Біз кітапханада үнемі ізденіс үстінде боламыз. Артылатын жүк те қомақты. Әр кітапты толықтай парақтап, онымен етене жақын болуымыз шарт.Ол кітапты оқырманға ұсыну үшін, кітаптармен біз алдын ала жете танысамыз. Үнемі танысып, біліп отыру қажет. Одан кейін оны өзінің саласына қарай бөлеміз. Міне, дәл осындай қызметпен осында отыз жылдан аса шұғылданып келемін. Бұл жерде мен де, ұлдарым да білім алды, өсті, ер жетті», – деп еңбек әлеміндегі тағдыр жолымен әсерлі бөлісті.

Айзада ханым кітапты интернет арқылы онлайн оқуға қарсылығын да жасырып қалмады. «Оқырманның кітапты алып, сол жерден оқығанына не жетсін! Ескі кітапты қордан шығарып, тізімнен алып тастауға болмайды. Оның ішкі рухани құндылығымен қоса, уақытының өтуіне қарай үлкен тарихқа айналған құнды зат екенін ұмытпау керек. Біздің қорымызда әдебиет саны артып келеді», – деп атап өтті ол.

Ұзақ жыл қызмет жасағандықтан болар, алдынан сан мыңдаған түлек ұшқан. Қазір алды жоғары қызметтердің биік шыңынан көрінген. Сағынып, жолығып тұратын оқырман-түлектері де бар екен. Үш баланың анасы, бес немеренің әжесі атанып отырған үлкен берекелі отбасының бақытты анасы, ұжымда үлгілі тәлімгер кітапханашы-қызметкер болып отырған Айзада ханымды және барша кітапханашы қауымды алда келе жатқан Алматы қалалық кітапханашылар күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

**Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**

# БІЛІМ АЛУ ДЕНСАУЛЫҚ ҮШІН ПАЙДАЛЫ

***Ғалымдар Финляндияда 3 пен 18 жас аралығындағы 3596 адамның денсаулығын тексерген. Мамандар 1980-2007 жылдар аралығында өткізілген зерттеулердің мәліметтерін талдап шықты.***

Еріктілер өмір салты, әлеуметтік қолдау, өзін-өзі бағалау және еңбек жағдайлары туралы сұрақтарға жауап берді. Әрбір қатысушы үш рет (1986, 1989 және 2001 жылдары) сұралған, – деп жазады Zee News.

Ғалымдар баланың неғұрлым ұзақ білім алса, соғұрлым өзін болашақта жақсы сезінетінін анықтады. Білім алуда небәрі бір жыл айырмашылық денсаулықтың субъективті жағдайын 16 пайызға арттырды. Тереңірек білім алған қатысушы өздерінің денсаулығын мықты деп есептеген. Мамандардың зерттеу қорытындысына әсер ету мүмкін факторлар есепке алынды. Зерттеушілер денсаулық жағдайында проблемасы бар балалар жақсы білім алуы тиіс екенін атап өтеді.

Осыған дейін мамандар тағы бір зерттеуінде білімнің аздығы өмір ұзақтығына да әсер ететінін анықтаған болатын. Сарапшылар жақсы білімді одан да жоғары табыс және әлеуметтік статус, когнитивтік даму, медициналық көмектің одан да жақсы қолжетімділігімен байланыстырып отыр.

**ҚАЗАҚПАРАТ**

ДҮНИЕ-ДҮРМЕК

**Жанартаудың басым бөлігі тектоникалық тақталар (плиталар) өткен жерде қалыптасады. Егер екі географиялық платформаның түйіскен жерінде жер сілкінісі болса, міндетті түрде белсенді жанартаулар атқылай бастайды. Кейде жер сілкінісінен ұйқыдағы жанартаулар да оянып, қоршаған ортаға қауіп төндіреді. Назарларыңызға жанартау туралы қызықты деректерді ұсынамыз.**

# ЖАНАРТАУ ТУРАЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР

**1.** «Вулкан» сөзі латын тілінің «Volcanus» сөзінен этимологиялық бастау алады. Көне Рим империясының от құдайы осылай аталған. Аңыз бойынша Вулкан құдайы Италиядағы Этна жанартауында өмір сүрген.

**2.** Көне грек мифологиясында Этна тауының баурайында от құдайы Гефест өмір сүрген. Аңызға орай Прометей есімді титан жанартаудан от ұрлап, адамдарға береді.

**3.** Жүздеген жыл бұрын Мексикада өмір сүрген ацтектер мен Никарагуа тұрғындары «Лавада құдайлар өмір сүреді» деп сенген. Олар лаваға жасөспірім қыздарды құрбандыққа шалған.

**4.** Соңғы 400 жылда 250 мыңға жуық адам жанартаудың атқылау салдарынан қайтыс болған.

**5.** Малео атты құс өзінің жұмыртқаларын жанартау маңындағы ыстық құмдарға қояды. Жарып шыққан балапандардың біршамасы құмның ыстығына төзе алмайды.

**6.** Попокатепетль – қазіргі таңдағы ең қауіпті жанартау. Оның екінші атауы Эль-Попо, ол Мехикодан 51 шақырым қашықта орналасқан. Эль-Попо жыл сайын ауаға мыңдаған тонна газ бен күл шығарады.

**7.** Ғалымдар жанартаудың температурасын арнайы құрастырылған «термобу» электрлі термометрімен өлшейді. Термобу бір рет қана қолданылады. Себебі әркез өлшеу кезінде лава термометрді ерітіп жібереді.

**8.** Аустралия тектоникалық платформаның орталығында орналасқан. Сондықтан аталған материкте белсенді жанартау жоқ.

**9.** «Лава» латынның «lavara» сөзінен шығып, «жуу» деген ұғымды береді. Лава сағатына 90 шақырым жылдамдықпен ағады.

**10.** Жерде 1500-ден астам белсенді жанартау бар. Олардың 20-30-ы жыл сайын атқылайды.

**11.** 1963 жылы су асты жанартауы атқылап, теңіз деңгейінен көтеріледі. Нәтижеде Исландияның оңтүстік-батысындағы Суртсей аралы қалыптасады. Бүгінгі таңда Суртси ауданы – 2,5 шаршы шақырым. Арал Норвегия мифологиясындағы отты алып Сұртаның құрметіне аталған.

**12.** Жанартаудың атқылауы VEI шкаласы бойынша өлшенеді. 0 ең осал атқылау болса, 8 – ең қауіпті түрі.

**13.** Индонезияның Тоба өзеніндегі жанартау осыдан 75 мың жыл бұрын атқылаған. Нәтижеде Жердің магма қоры уақытша таусылып, мұз дәуірі басталады. Бұл құбылыс атмосферада күкірт қышқылының пайда болуына түрткі болады.

**14.** 1980 жылы 18 мамырда атқалаған Сент-Хеленс жанартауы 500 атом бомбасының қуатына тең. Ғалымдар оны орта сатылы жанартаулар қатарына енгізеді.

**Массагет.кз**

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
Бас редактор м.а.: Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА
Жауапты хатшы – Дариға АМАНКЕЛДИЕВА
Тілшілер: Рүстем АБРАЕВ, Жұлдыз ӘБІЛ
Дизайнер – Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
Фототілші –Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректорлар: Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

МЕКЕНЖАЙЫ:
050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.
Электронды мекенжай:
kazuniver-gazeti@mail.ru
Газет редакцияның компьютер орталығында терілі, беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды
Тел.:2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс №787
● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, ұш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.